МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
№5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
№5 ИМЕНИ ШОҒЫ МУНАЛУЛЫ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО МУНАЙЛИНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ХАТТАМА

19.03.2026ас. № Д-09

Маңғыстау ауылы

ПРОТОКОЛ

село Маңгыстау

Директор жанындағы кеңес отырысы

Төраға - Ж.С.Бөкен
Хатшы - А.А.Оразбаева
Қатысқандар: 37 мектеп әкімшілігінің мүшелері (тізімі қоса беріліп отыр)

Кеңес төрағасы мектеп директоры Ж.С.Бөкен күн тәртібіндегі мәселелерді таныстыра отырып, жауапты мамандарға тыңдауға кезек берді.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Химия пәнінің берілуі деңгейі (зертханалық жұмыстары), биология пәнінің берілуі деңгейі (зертханалық жұмыстары), 4-сынып оқу процесінің деңгейі туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.А.Исмагуловаың, А.Н.Джайлхановаың баяндамасы

2. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы және ұйымдастырылуы туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагуловаың баяндамасы

3. Өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстарын бақылау туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагуловаың баяндамасы

4. Пән мұғалімдері мен ата-аналар ынтымақтастығы (4,8,9-сыныптар) туралы.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Т.А.Бустановаың, Г.Қ.Рахметоваың баяндамасы

5. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру іс-шара жоспарын құру туралы.

Педагог-ұйымдастырушы Б.Н.Лепесованың баяндамасы

1. ТЫҢДАЛДЫ:

1. Химия пәнінің берілуі деңгейі (зертханалық жұмыстары), биология пәнінің берілуі деңгейі (зертханалық жұмыстары), 4-сынып оқу процесінің деңгейі туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.А.Исмагулова, А.Н.Джайлханова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

Химия, биология пәні бірлестігі онкүндігін өткізу жоспары

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырыбы	Сыныбы	Күні	Өтетін орны
1	Ә/б мұғалімдері	«Жаратылыстану - жаңалықтар бастауы» онкүндігінің ашылуы	9-11 сыныптар	02.03.2026	Мектеп фойесі
2	Мажитова Абдулазиз Ахмаджонұлы	«Жер бетінде тіршіліктің қалыптасу кезеңдері»	10 «Б»	03.03.2026 2-сабақ	213 кабинет
3	Парахатова Альбина Сисенбайқызы	«Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар»	8 «Д»	03.03.2026 4-сабақ	213 кабинет
4	Узакбергенова Даметкен Абдимуратовна	«Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі»	7 «В»	03.03.2026 6-сабақ	117 кабинет
5	Алмухашева Қамар Куралқызы	«Еріген заттың массалық үлесі»	8 «Ж»	04.03.2026 4-сабақ	212 кабинет
6	Сауытбаева Сұлушаш Калдыбаевна	«Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы»	9 «В»	04.03.2026 7-сабақ	110 кабинет
7	Бекбасарова Гулбану Айбулатовна	«Алкандар. Алкандардың жану өнімдері»	10 «Ә»	05.03.2026 1-сабақ	212 кабинет

8	Хожабаева Нуржауган Хожабаевна	«Формула бойынша қосылыстардың салыстырмалы молекулалық массаларын есептеу»	7 «Г»	10.03.2026 3-сабақ	110 кабинет
9	Утешова Замира Мухитдиновна	«Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдер. Инсулин өндірісі»	9 «Г»	10.03.2026 5-сабақ	213 кабинет
10	Узакбергенова Даметкен Парахатова Альбина	Сыныптан тыс шара «Эко-детектив» зерттеу тапсырмалар сайысы	8 сыныптар	12.03.2026 5-сабақ	117 кабинет
11	Сауытбаева Сулушаш Хожабаева Нуржауган	Сыныптан тыс шара «Сиқырлы химия: ғажайып реакциялар әлемі»	7 сыныптар	11.03.2026 2-сабақ	110 кабинет
12.	Бекбасарова Гулбану Алмухашова Қамар	Сыныптан тыс шара «Білімді химик - болашақ маман»	10-11 сыныптар	12.03.2026 7-сабақ	212 кабинет
13	Мажитова Абдулазиз Утешова Замира	Сыныптан тыс шара «Жас биологтар сайысы»	9 сыныптар	13.03.2026 7-сабақ	213 кабинет
14	Ә/б мұғалімдері	Онкүндіктің жабылуы	7-11 сыныптар	16.03.2026	213 кабинет

02.03-06.03.2026ж. аралығында химия пәні оқу процесінің сапалық деңгейі зерделенді.

Зерделеу барысында:

1. Сабақтардың қысқа мерзімді жоспарлары;
2. Жазба жұмыс дәптерлерінің жәй-күйі;
3. Сабақтар мен сыныптан тыс сабақтардың өткізілуі;
4. Бақылау жұмыстары тексерілді.

Қысқа мерзімді жоспарлары критериилерге сәйкес тексерілді.

Жалпы химия пәні бойынша ҚМЖ жасау жолға қойылған, талапқа сай, оқушының бағалауы мен дескрипторы, тапсырмалары бар, кері байланыс жазылған, сабақ мақсаты мен оқу мақсатының сәйкестігі, сабақ жоспарында көрініс тапты.

1. Білім алушылардың оқулықтарды ұстау жағдайы төмендегідей;

Оқушылардың оқуға жарамсыз болып жатырған оқулық жоқ. Жалпы жай-күйі жақсы, алайда,оқулықтарын қаптамай жүрген оқушыларға ескерту берілді.

Жазба жұмыс дәптерлерінің жәй-күйі: Химия пәнінен оқушыларының жазба жұмыс дәптерлері талапқа сай, өз бетімен жұмыс бар, әр сыныпта бір-екі оқушыда ғана лас жазылған дәптерлер кездесті, сынып жетекшілеріне ескертілді. Жалпы оқушылардың жұмыс дәптерлерінің жай-күйі жақсы деңгейде.

02.03-16.03.2026ж. химия, биология пәндерінің онкүндіктің ашылуы болды. Ашылуда химия пәні мұғалімдері құндылықтарға бағытталған логикалық тапсырмалар беріп, балалардың білім мен тәрбиеге деген, ұлттық құндылыққа қызығушылықтарын арттырды.

Сабақтар мен сыныптан тыс сағаттардың өткізілуі.

05.03.2026ж. күні 10 «Ә» сыныбына химия пәні мұғалімі **Бекбасарова Гулбану Айбулатовна** «Алкандар. Алкандардың жану өнімдері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сыныптың ахуалын жақсарту үшін көңіл-күйін сұрап, сабақты бастап кетті. Оқушыларды топқа бөлді. Жаңа сабақты тақырыбын оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында өмірмен байланысқан сұрақтар қойылу арқылы бастады. Күнделікті тұрмыстағы алкандардың маңызын, оның қолданылуын талқылап, сабақ тақырыбын аша білді. Жаңа сабақты ЖИ қолданған бейнеролик алқылы ақпаратпен таныстырды.

• Сараланған тапсырмалар арқылы оқушылар жеке жұмыс орындап «Құрылымдық формула» тапсырмасы арқылы алкандардың қиындық деңгейіне қарай құрылымдық формулаларын жазып, тақтада да тапсырма орындады.

• Жұптық жұмыста алкандардың алғашқы бес гомологтық қатарының теңестірілген жану реакция теңдеуін құрып жазды. Түзілген көмірқышқыл газының мөлшеріне қарай қай алканды отын ретінде қолданған тиімді екеніне қорытынды шығарды.

• Топтық жұмыста Функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырма берілді.

1-топ. Парниктi газдардың қалдықтары парниктi эффектi күшейтеді, себебін түсіндірді.

2-топ. Резинаның жануы нәтижесінде ауаның ластануы мен адам ағзасына әсерін сипаттады.

3-топ. Мұнай өнімдерінің табиғатқа әсерін сипаттады.

Әр тапсырма соңында нақты дескрипторы берілді. Сол арқылы оқушыларды топ басшысы бағалау парақшасы арқылы бағалап отырды. Сабақ соңында оқушылардан **«Плюс, минус, қызықты» тәсілі** арқылы кері байланыс алынды.

Қорытынды:

Өткізілген ашық сабақ өз мақсатына толық жетті. Сабақ барысында оқушылар алкандардың қасиеттері мен жану өнімдері туралы теориялық білімдерін практикамен ұштастыра алды. Әсіресе, тапсырмалардың өмірмен байланыстырылып берілуі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға оң әсерін тигізді. Жеке, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылып, оқушылардың сыни ойлау, талдау, салыстыру дағдылары дамытылды. ЖИ қолданылған бейнематериалдар мен сараланған тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды. Сабақта бағалау жүйесі нақты дескрипторлар арқылы жүргізіліп, кері байланыс орнату сәтті жүзеге асты. Жалпы, оқушылардың белсенділігі жоғары деңгейде болды.

Ұсыныстар:

- Сараланған тапсырмаларды одан әрі жетілдіріп, жоғары деңгейлі оқушыларға күрделірек есептер ұсыну;
- Тәжірибелік (эксперименттік) жұмыстар элементтерін көбірек енгізу;
- Уақытты тиімді пайдалану мақсатында кейбір тапсырмаларды нақтылап, ықшамдау;
- Цифрлық ресурстарды (ЖИ, платформалар) жүйелі түрде қолдануды жалғастыру.

04.03.2026ж. күні **Алмухашова Қамар Куралқызы** 8 «Ж» сыныбына «Еріген заттың массалық үлесі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Бұл сабақта оқушылар ерітінділердің құрамын сипаттайтын негізгі шамалардың бірі - еріген заттың массалық үлесі ұғымымен танысты. Сабақтың мақсаты - оқушылар ерітіндінің белгілі массасы мен массалық үлесі арқылы еріген заттың массасын есептеу дағдыларын қалыптастыра алады.

Сабақтың басында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында «Менің көңіл күйім» әдісі қолданылды. Бұл кезең оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар «Адал азамат» бағдарламасы аясында құндылықтарға негізделген бейнеролик көрсетіліп, оқушылардың бойында отансүйгіштік пен жауапкершілік сезімі қалыптастырылды.

Үй тапсырмасын тексеру кезеңінде «Ой қозғау» әдісі арқылы оқушылардың алдыңғы білімдері пысықталды. Оқушылар су, ерітінді және олардың қасиеттері туралы сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын дәлелдеп айтуға дағдыланды. Бұл

кезеңде оқушылардың сыни ойлау қабілеті мен білімді байланыстыра алу дағдылары дамыды.

Жаңа тақырыпты меңгеру барысында оқушылар алдымен оқулықпен жұмыс жасап, негізгі ұғымдарды анықтады. Мұғалім тарапынан ерітінді, еріткіш, еріген зат туралы түсіндірме беріліп, нақты мысалдар келтірілді. Оқушылар ерітінді құрамының пайыздық көрсеткішпен берілуінің мағынасын түсініп, күнделікті өмірмен байланыстыра алды (мысалы, сірке қышқылы ерітіндісі).

Практикалық бөлімде оқушылар топтарға бөлініп, әртүрлі деңгейдегі есептерді орындады. «Ойлан - жұптас - бөліс» әдісі арқылы оқушылар есеп шығару алгоритмін меңгеріп, бір-бірімен пікір алмасты. Сонымен қатар «Кім жылдам» әдісі арқылы деңгейлік тапсырмалар орындалып, оқушылардың есептеу дағдылары жетілдірілді.

Сабақ барысында саралау тәсілдері тиімді қолданылды:
қабілеті жоғары оқушылар күрделі есептерді шығарды;
қолдауды қажет ететін оқушыларға бағыттаушы сұрақтар берілді;
ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға жеке қолдау көрсетілді.
Оқушылар ерітіндідегі еріген заттың массалық үлесін анықтау формуласын қолданып, есептер шығарды, кестелерді толтырды және екі ерітіндіні араластырғандағы жаңа құрамды есептеуді үйренді. Бұл олардың математикалық сауаттылығын және химиялық есептерді шешу дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Сабақ соңында «Білім шамы» әдісі арқылы кері байланыс алынып, оқушылар тақырып бойынша өз түсініктерін білдірді. Көпшілік оқушылар тақырыпты жақсы меңгергенін көрсетті, алайда кейбір оқушыларға қосымша жаттығулар қажет екендігі анықталды.

Қорытынды:

Сабақ өз мақсатына жетті. Оқушылар еріген заттың массалық үлесін есептеу тәсілдерін меңгеріп, оларды түрлі есептерде қолдана алды. Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер оқушылардың белсенділігін арттырып, пәнге деген қызығушылығын күшейтті.

Ұсыныс:

Алдағы сабақтарда оқушылардың есеп шығару дағдыларын одан әрі жетілдіру үшін өмірмен байланысты практикалық тапсырмаларды көбірек енгізу ұсынылады.

04.03.2026ж. күні **Сауытбаева Сулушаш Калдыбаевна 9** «В» сыныбына «Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы» тақырыбында ашық сабақ өтті Сабақ ұйымдастыру кезеңінен басталып, оқушылар қима қағаздардағы элемент таңбалары арқылы **3 топқа**

бөлінді. Үй тапсырмасын тексеру барысында «Кремний және оның қосылыстары» тақырыбы бойынша **сұрақ-жауап әдісі** қолданылды. «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырып жаңа сабақпен байланыстырылып, оқушыларға бағыттаушы сұрақтар қойылды. Бұл кезеңде оқушылар өз білімдерін еске түсіріп, жаңа тақырыпқа қызығушылық танытты.

Сабақтың негізгі бөлімі:

Топтық жұмыс: Оқушылар жаңа тақырып мәтінін меңгеріп, адам ағзасына қажетті химиялық элементтердің тәуліктік мөлшерін анықтады.

Жеке жұмыс: Umigra платформасы арқылы тапсырмалар орындалды.

Жұптық жұмыс: «Сәйкестікті тап және дәлелде» тапсырмасы орындалып, оқушылар элементтердің қызметі мен жетіспеушілік салдарын сәйкестендірді. Бұл тапсырма оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталды.

Сабақтың қорытынды кезеңі:

Сабақ соңында *Kahoot* немесе *Quizizz* платформасында «Қай элемент қайда кездеседі?» атты блиц-турнир ұйымдастырылып, оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі артты.

Бағалау барысында оқушылар **өзін-өзі бағалау** әдісін қолданды. Сабақта **10 оқушы бағаланды**, жалпы сыныптың белсенділігі жоғары деңгейде болды.

Қорытынды:

Сабақ өз мақсатына жетті. Оқушылар адам ағзасындағы химиялық элементтердің маңызын түсініп, олардың қызметі мен жетіспеушілік белгілерін ажырата алды. Сабақ барысында қолданылған әдіс-тәсілдер оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, білімді тиімді меңгеруге ықпал етті.

Ұсыныс:

- Цифрлық платформаларды қолдануды жалғастыру;
- Тапсырмаларды саралап беру арқылы барлық оқушыларды қамту;
- Практикалық бағыттағы тапсырмаларды көбейту.

29.04.2026ж. күні **Хожабаева Нұржауған Хожабаевна** 7 «Г» сыныбына «Формула бойынша қосылыстардың салыстырмалы молекулалық массасын есептеу» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақтың мақсаты - оқушылар, химиялық формулалар арқылы заттардың салыстырмалы молекулалық массасын анықтауды үйренеді, есеп шығару дағдыларын дамиды және теориялық білімдерін практикамен ұштасады.

Сабақ барысында оқушылар:

- химиялық формулаларды дұрыс оқуды;
- элементтердің салыстырмалы атомдық массаларын пайдалануды;
- қосылыстардың салыстырмалы молекулалық массасын есептеуді меңгереді.

Сабақ бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Ұйымдастыру кезеңі - оқушылармен амандасу, сабақ мақсатын таныстыру.
2. Қызығушылықты ояту - өткен тақырыптарды қайталау, сұрақ-жауап.
3. Жаңа тақырыпты түсіндіру - формулалар арқылы есептеу жолдарын көрсету.
4. Жеке және топтық жұмыс - берілген заттардың молекулалық массасын есептеу (мысалы: H_2O, CO_2, H_2SO_4 және т.б.).
5. Бағалау - дескрипторлар арқылы оқушылардың жұмысын бағалау.
6. Рефлексия - сабақ соңында кері байланыс беру.

Сабақта интерактивті тақта, презентация және есептер жинағы қолданылды. Оқушылар белсенді қатысып, берілген тапсырмаларды орындау арқылы өз білімдерін көрсетті.

Ұсыныстар:

Сабақтың тиімділігін арттыру үшін:

- оқушыларға деңгейлік тапсырмаларды көбірек беру;
- топтық жұмыс кезінде әр оқушының белсенділігін бақылау;
- көрнекі құралдар мен цифрлық ресурстарды (видео, онлайн тест) жиі қолдану;
- есептерді өмірмен байланыстыру арқылы қызығушылықты арттыру ұсынылады.

Қорытынды:

Қорытындылай келе, бұл сабақ оқушылардың химиялық формулаларды түсінуіне және салыстырмалы молекулалық массаны есептеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сабақ құрылымы жүйелі ұйымдастырылған, тапсырмалар оқушылардың білімін дамытуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушылар теориялық білімін практикада қолдана алады және есеп шығару қабілеттері жетілдіріледі.

12.03.2026ж. күні 10-11 сынып оқушылары арасында **«Білімді химик - болашақ маман»** атты интеллектуалды сайысты **Бекбасарова Г, Алмухашова Қ** өткізді.

Сайыстың негізгі мақсаты - оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттыру, теориялық білімдерін тереңдету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту және болашақ мамандық таңдауға бағыт беру.

Сайысқа 10-11 сынып оқушыларынан құралған командалар қатысып, өзара білім сайысына түсті. Байқау бірнеше кезеңнен тұрды:

Таныстыру кезеңі - командалар өздерін таныстырып, ұрандарын қорғады

Теориялық бөлім - химия пәні бойынша сұрақ-жауап

Есептер шығару кезеңі - есептер мен логикалық тапсырмалар орындау

Практикалық/сәйкестендіру тапсырмалары - формула, реакция теңдеулерімен жұмыс

Блиц-турнир - жылдам сұрақтарға жауап беру

Сайыс барысында оқушылар белсенділік танытып, өз білімдерін жан-жақты көрсете білді. Қатысушылар химиялық заңдылықтарды түсіндіру, есептер шығару, реакция теңдеулерін құрастыру барысында жоғары деңгейдегі дайындықтарын көрсетті.

Әділқазылар алқасы әр кезең бойынша командалардың жауаптарын бағалап, қорытынды нәтижесінде жеңімпаздар анықталды және марапатталды.

Қорытынды:

Аталған сайыс оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімдерін шыңдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық, зияткерлік қабілеттері дамып, топпен жұмыс жасау дағдылары қалыптасты.

Ұсыныстар:

Осындай зияткерлік сайыстарды жүйелі түрде өткізу;

Тапсырмаларды өмірмен байланыстырып, күрделілік деңгейін арттыру;

Барлық сынып оқушыларын қамту мақсатында ауқымын кеңейту;

Жеңімпаз оқушыларды әрі қарай пәндік олимпиадаларға бағыттау.

11.03.2026ж. күні 7-сынып оқушыларына арналған **«Сиқырлы химия: ғажайып реакциялар әлемі»** тақырыбында сыныптан тыс іс-шараны Сауытбаева С, Хожабаева Н өткізді.

Іс-шараның мақсаты - оқушылардың химия пәніне қызығушылығын арттыру, тәжірибе арқылы танымдық белсенділігін дамыту, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, химиялық реакциялардың ерекшеліктерін көрсету.

Шара барысында оқушыларға қызықты әрі көрнекі химиялық тәжірибелер ұсынылды. Атап айтқанда:

«Түстердің өзгеруі» - индикаторлар арқылы ерітінді түстерінің өзгеруін бақылау

«Көбікті жанартау» - химиялық реакция нәтижесінде газ бөлінуін көрсету

«Жанбайтын орамал» - қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүргізілген тәжірибе

«Сүттің құпиясы» - беттік керілу құбылысын көрсету

Оқушылар тәжірибелердің жүру барысын қызығушылықпен бақылап, өз ойларын айтып, сұрақтарға белсенді қатысты. Сонымен қатар, кейбір тәжірибелерге оқушылар тікелей қатысып, өз қолдарымен орындауға мүмкіндік алды.

Іс-шара барысында қауіпсіздік техникасы ережелері түсіндіріліп, олардың сақталуына ерекше назар аударылды.

Қорытынды:

Өткізілген шара оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттырып, ғылымға деген оң көзқарасын қалыптастырды. Тәжірибелер арқылы оқушылар химиялық құбылыстардың мәнін тереңірек түсінді.

Ұсыныстар:

Осындай тәжірибелік бағыттағы шараларды жиі ұйымдастыру;

Оқушыларды тәжірибелерге көбірек қатыстыру;

Қауіпсіздік ережелерін үнемі қатаң сақтау;

Қызықты химиялық көрсетілімдерді оқу бағдарламасымен байланыстыру.

8-сынып оқушыларынан химия пәнінен оқу машығы алынды.

Мақсаты: Химия пәні бойынша білім деңгейін анықтау

Барлығы: 207 оқушы; қатысты: 207; қатыспаған: 0

№	Сынып	Оқушы саны	5	4	3	2	Сапа %	Үлгерім %	Пән мұғалімі
1	8А	25	3	7	12	3	40%	88%	Бекбасарова Г
2	8Ә	23	2	8	11	2	43,5%	91%	Сауытбаева С
3	8Б	22	2	9	9	2	50%	90,9%	Сауытбаева С
4	8В	22	1	7	11	3	36%	86%	Бекбасарова Г
5	8Г	25	1	8	13	3	36%	88%	Бекбасарова Г
6	8Ғ	22	3	6	10	3	40%	86,3%	Бекбасарова Г
7	8Д	24	1	7	12	4	33%	83%	Сауытбаева С
8	8Е	22	2	6	10	4	36,4%	81,8%	Алмухашова Қ
9	8Ж	22	2	5	11	4	31,8	81,8%	Алмухашова Қ
Жалпы		**207**	**17**	**63**	**99**	**28**	**38,6%**	**86,5%**	

Сыныптар бойынша нәтиже:

Жоғары көрсеткіштер 8 «Б» (50%) сыныбында байқалды.

Аталған сыныптарда оқушылардың оқу техникасы мен мәтінді түсініп оқу дағдылары жақсы қалыптасқан.

8 «Ж» (31,8%) сыныбында білім сапасының төмен деңгейі байқалды.

9-сынып оқушыларынан химия пәнінен тест жұмысы алынды.

Химия пәнінен алынған тесттің нәтижесі

№	Сынып	Оқушы саны	5	4	3	2	Сапа %	Үлгерім%	Пән мұғалімі
1	9А	25	3	7	13	2	40%	92%	Алмухашова Қ
2	9Ә	22	2	7	10	3	39%	86%	Бекбасарова Г

3	9Б	24	3	6	12	3	37,5%	87,5%	Хожабаева Н
4	9В	22	-	8	12	2	36,4%	90,1%	Сауытбаева С
5	9Г	22	1	8	10	3	40,1%	86,3%	Бекбасарова Г
6	9Ғ	22	4	7	10	1	54,5%	95,5%	Хожабаева Н
7	9Д	23	1	7	12	3	34,7%	86,9%	Сауытбаева С
Жалпы		**160**	**14**	**50**	**79**	**17**	**40%**	**89,4%**	

Жалпы оқушы саны: 160; Сапа көрсеткіші: 40%; Үлгерім көрсеткіші: 89,4%

Барлық сыныптар жоғары нәтиже көрсетті.

Жоғары білім сапа - 9 «Ғ» сыныбы 54,5% . Төмен сапа көрсеткен 9 «Д» - 37,4%; жалпы 9-сыныптардың деңгейлері бір қалыпты, орташа деп бағалауға болады.

Осы алынған тест нәтижелерін басшылыққа ала отырып, I-II тоқсан сапаларына қарай III тоқсанға меже қойылды.

№	Сынып	Оқушы саны	I тоқсан сапа	I тоқсан үлгерім	II тоқсан сапа	II тоқсан үлгерім	III тоқсан сапа меже	Пән мұғалімі
1	8А	25	58,3	100	56	100	56%	Бекбасарова Г
2	8Ә	23	48	100	43,5	100	45,8%	Сауытбаева С
3	8Б	22	50	100	50	100	54%	Сауытбаева С
4	8В	22	52,2	100	56,5	100	58%	Бекбасарова Г
5	8Г	25	41,7	100	44	100	44%	Бекбасарова Г
6	8Ғ	22	50	100	45,8	100	47,6%	Бекбасарова Г
7	8Д	24	52	100	45,8	100	52%	Сауытбаева С
8	8Е	22	37,5	100	32	100	45%	Алмухаш Қ
9	8Ж	22	35	100	42,8	100	44	Алмухаш Қ
Жалпы		**207**	**47,1**	**100**	**46,2**	**100**	**49,6%**	

2025-2026 оқу жылының 8-сыныптар бойынша I-II тоқсандардағы білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштері талданып, III тоқсанға қойылған межелер қарастырылды.

Жалпы оқушы саны - 207.

I тоқсанда білім сапасы 47,1%, II тоқсанда 46,2% құрады.

Үлгерім барлық тоқсандарда 100% деңгейінде сақталған.

III тоқсанға жоспарланған орташа меже - 49,6%, яғни II тоқсанмен салыстырғанда білім сапасын арттыру көзделген.

Қорытынды:

III тоқсанға қойылған межелер II тоқсан нәтижелерімен салыстырғанда білім сапасын арттыруға бағытталған. Әсіресе жоғары көрсеткіш көрсеткен сыныптарда нәтижені сақтау, ал төмен сыныптарда өсімге қол жеткізу негізгі міндет болып табылады.

Ұсыныстар:

Әр сынып бойынша нақты межеге жету үшін жеке жоспар құру;

Төмен көрсеткіш көрсеткен сыныптарға ерекше назар аудару;

Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап, мақсатты жұмыс жүргізу;

Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу ұйымдастыру.

№	Сынып	Оқушы саны	I тоқсан сапа	I тоқсан үлгерім	II тоқсан сапа	II тоқсан үлгерім	III тоқсан сапа меже	Пән мұғалімі
1	9А	25	44	100	52	100	56%	Алмухашова Қ
2	9Ә	23	47,8	100	44	100	45%	Бекбасарова Г
3	9Б	22	40,9	100	41,6	100	50%	Хожабаева Н
4	9В	22	50	100	45,4	100	45,4%	Сауытбаева С
5	9Г	25	43,5	100	45,4	100	46%	Бекбасарова Г
6	9Ғ	22	52,1	100	57	100	59%	Хожабаева Н
7	9Д	24	48	100	43,5	100	47,8%	Сауытбаева С
Жалпы		**160**	**46,6**	**100**	**46,9**	**100**	**49,8%**	

2025-2026 оқу жылының 9-сыныптар бойынша I-II тоқсандардағы білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштері талданып, III тоқсанға қойылған межелер қарастырылды.

Жалпы оқушы саны - 160.

I тоқсанда білім сапасы 46,6%, II тоқсанда 46,9% көрсетіп, аздаған өсім байқалады.

Үлгерім көрсеткіші барлық тоқсандарда тұрақты түрде 100%.

III тоқсанға жоспарланған жалпы меже - 49,8%, яғни білім сапасын арттыру міндеті қойылған.

Қорытынды:

II тоқсанда білім сапасында тұрақтылық байқалады. III тоқсанға қойылған межелер жалпы көрсеткішті 49,8%-ға дейін көтеруді көздейді. Әсіресе жоғары нәтиже көрсеткен сыныптар деңгейін сақтау, ал төмен сыныптарда сапаны арттыру маңызды.

Ұсыныстар:

Әр сынып бойынша III тоқсан межесіне жету үшін нақты жұмыс жоспарын әзірлеу;
Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу;
Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін тиімді пайдалану;
Пән мұғалімдері арасында тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.

Қорытынды:

Бақылау нәтижесінде:

•Оқушылардың сабаққа қызығушылығы жоғары екені байқалды;

•Көпшілік оқушылар тапсырмаларды түсініп, белсенді қатысады;

•Мұғалімдер сабақта заманауи әдіс-тәсілдерді (ойын элементтері, топтық жұмыс, көрнекілік) тиімді қолданды;

•Оқушылар арасында өзара қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдылары қалыптасуда;

•Дегенмен, кейбір оқушыларда оқу дағдыларының (реакция типтерін ажырату, күрделі есептеулер) жеткіліксіздігі байқалады.

•Жалпы алғанда, онкүндік тиімді және нәтижелі өтті, қойылған мақсаттар негізінен орындалды.

Ұсыныстар:

• Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында саралап оқыту әдістерін жүйелі қолдану;

• Теориялық білімді өмірмен байланыстырып, функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмаларды көбейту;

• Үлгерімі төмен оқушылармен жеке және қосымша жұмыстарды тұрақты ұйымдастыру;

• Зертханалық және практикалық жұмыстардың үлесін арттырып, тәжірибе арқылы оқытуды күшейту;

• Цифрлық білім беру ресурстарын (онлайн платформалар, ЖИ құралдары) тиімді пайдалану;

• Қалыптастырушы бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды дер кезінде түзету;

• Пән мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу, ашық сабақтар өткізу арқылы кәсіби дамуды жетілдіру.

10-16.03.2026ж. аралығында биология пәнінен зертханалық жұмыстары барысында 7-9 сынып оқушыларының ізденіс қабілеттерін анықтау мақсатында жұмыстар атқарылды. Соның ішінде 7 «В» және 8 «Ж» сыныптарындағы тәжірибе жұмыстарының жүргізілу барысы тексеріліп, оқу процесінің сапалық деңгейінің әсері зерделенді.

Зерделеу барысында:

1. Сабақтардың қысқа мерзімді жоспарлары;
2. Зертханалық жұмыстың жүргізілу барысы;
3. Практикалық жұмыстың теориялық біліммен ұштастырылуы;
4. Зертханалық жұмыс дәптерлерінің жәй-күйі тексерілді.

Қысқа мерзімді жоспарлары критерийлерге сәйкес тексерілді.

Жалпы биология пәні бойынша ҚМЖ жасау жолға қойылған, талапқа сай, оқушының бағалауы мен дескрипторы, тапсырмалары бар, кері байланыс жазылған, сабақ мақсаты мен оқу мақсатының сәйкестігі, зертханалық жұмысының барысы сабақ жоспарында көрініс тапты.

Зертханалық жұмыс дәптерлерінің жәй-күйі:

7 «В» және 8 «Ж» сынып оқушыларының зертханалық жұмыстары жұмыс дәптерлерінде орындалған. Мақсаты, құрал жабдықтары, жұмыс барысы және қорытынды есебі бәрі толық жазылған.

Әр сынып бойынша кейбір оқушыларда дәптерлері толық емес және зертханалық жұмыстарын орындамағандары да кездесті. Пән мұғалімдеріне ескертілді. Жалпы биология пәні бойынша зертханалық жұмыстарының жүргізілу барысы жақсы деңгейде.

7«В», 8«Ж» сыныптарынан биология пәні бойынша зертханалық жұмыстарының жүргізілу барысы зерделенді.

Мақсаты: биология пәні бойынша тәжірибе жұмыстарының білім сапасына әсерін анықтау.

Аталған сыныптардан тест тапсырмалары алынды.

Барлығы: 42 оқушы; **қатысты:** 42 (44); **қатыспаған:** 0

1-ші және 2-ші тоқсанның білім сапасының көрсеткіші

№	Сынып	Оқушы саны	1 тоқсан		Динамика	2 тоқсан (7В 23-оқушы, 8Ж 21-оқушы)		Динамика	3-тоқсан
			Сапа	Үлгерім		Сапа	Үлгерім		
1	7 В	22	63,6%	100%	+1,6	65,2%	100%	+1	66,2%
2	8 Ж	20	40%	100%	+7	47,6%	100%	+2,4	50%

3-тоқсандағы тест қорытындысының нәтижесі

№	Сынып	Оқушы саны	5	4	3	2	Сапа %	Үлгерім %	Сынып жетекшісі

1	7В	23	8	8	7	0	69,5%	100%	Узакбергенова Д
2	8Ж	21	3	7	11	0	57%	100%	Мажитов А

Жоғары білім сапа - 7 «В» сыныбы 69,5% . Орташа сапа көрсеткен 8 «Ж» сыныбы 56,5%; жалпы 7 «В» және 8 «Ж» - сыныптардың деңгейлері бір қалыпты, жақсы деп бағалауға болады.

02 - 16.03.2026ж. аралығында **«Жаратылыстану - жаңалықтар бастауы»** атты химия - биология онкүндігі өтті. Апталықтың алғашқы күні апталықтың ашылу жасалды. Апталықтың ашылуында оқушыларға арналған «Кім жылдам» ойыны ұйымдастырылды. Мұнда химия-биология мұғалімдері құндылықтарға бағытталған логикалық тапсырмалар беріп, оқушылардың білім мен тәрбиеге, ұлттық құндылыққа деген қызығушылықтарын арттырды.

Апталық барысында химия-биология мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар өткізді. Ашық сабаққа төмен сапа көрсетіп отырған 7-11 сынып аралығындағы сыныптар таңдап алынды.

Ашық сабақтар мен сыныптан тыс сағаттардың өткізілуі

03.03.2026ж. күні 7 «В» сыныбына биология пәні мұғалімі **Узакбергенова Даметкен Абдимуратовна** «Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: оқушылар Вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттай алады.

Сабақты психологиялық ахуал тудыру арқылы бастап кетті. Үй тапсырмасын «Кезбе сұрақтар» әдісі арылы пысықтап, топқа бөлді. Жаңа сабақ тақырыбын ашу мақсатында «Биологиялық бағдаршам» әдісін қолданды.Сұрақтарға жауап беру барысында оқушылар сабақтың тақырыбын ашты, мақсатын анықтады. Жаңа сабақты ЖИ арқылы жасалған бейнеролик арқылы түсіндірді.

- **Топтық жұмыста** Әр топқа (кардиолог, пульмонолог, офтальмолог, гастроэнтеролог) өз мүшесінің екі түрлі күйдегі (тыныштық/қозу) жұмысын зерттеуді тапсырады.
- Жұптық жұмыс тапсырмасын «Функционалдық тапсырмаға бағытталған «Биологиялық детектив» әдісі арқылы орындады. Мұнда жағдаятты сұрақтар беру арқылы жұптасып қорытынды жасады.
- Сараланған тапсырмалар арқылы оқушылар жеке жұмысты «Jeopardy labs» платформасында тапсырма орындады

Әр тапсырма соңында нақты дескрипторы берілді. Сол арқылы оқушыларды топ басшысы бағалау парақшасы арқылы бағалап отырды. Сабақ соңында

оқушылардан **«Padlet» тақтасы** арқылы кері байланыс алынды. Оқушылар сабаққа толық қатысты.

Ұсыныс: Уақытқа бағыну, топтық жұмыс тапсырмасына оқушыларды толық қатыстыру.

11.03.2026ж. күні 7 «Г» сыныбына биология пәні мұғалімі **Парахатова Альбина Сисенбайқызы** «Жұмысқа қабілеттілік. Күнтәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. **Сабақтың мақсаты:** оқушылар жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін сипаттай алады, жұмысқа қабілеттілікке әсер ететін факторларды анықтайды және күйзеліс жағдайларының алдын алу жолдарын түсінеді.

Сабақ басында мұғалім «Бриллианттағы комплименттер» әдісі арқылы жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Оқушылар бір-біріне жылы сөз айтып, сабаққа белсенді көңіл-күймен қатысты. Үй тапсырмасы UmaiGra платформасындағы «Футбол» ойыны арқылы тексерілді.

Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында мұғалім «Мидың шағымы» атты жағдаяттық тапсырма ұсынды. Оқушылар берілген хат мазмұнын талдап, күнтәртібі, күйзеліс және психикалық денсаулық арасындағы байланысты анықтады. Сабақ барысында оқушылар өз ойларын еркін айтып, проблемалық сұрақтарға нақты жауап берді.

Жеке жұмыс кезеңінде оқушылар «Менің психикалық денсаулық формулам» тапсырмасын орындап, психикалық денсаулықты сақтаудың негізгі жолдарын өмірмен байланыстырып жазды. Сонымен қатар LearningApps платформасында сәйкестендіру тапсырмаларын орындап, жұмысқа қабілеттілік пен еңбек гигиенасына қатысты білімдерін бекітті.

Функционалдық сауаттылық тапсырмасында оқушылар жағдаятты талдап, күйзелістің эмоциялық, мінез-құлықтық және физиологиялық белгілерін ажыратты. Сонымен қатар күйзелісті басқарудың тиімді әдістерін ұсынып, оларды өмірмен байланыстырып түсіндірді.

Сабақ соңында «Бағдаршам + 1 сөйлем» әдісі арқылы кері байланыс алынды. Оқушылар өздерінің сабақтан алған әсерлерін, түсінген тұстарын және келесі сабаққа қоятын мақсаттарын жазды. Сабақ мақсатына толық жетті, оқушылар белсенді қатысып, тақырыпты өмірмен байланыстыра білді.

Ұсыныс:

- Уақытты тиімді пайдалану;
- Топтық жұмыстарда барлық оқушылардың белсенділігін арттыру;

• Цифрлық платформаларды қолдану аясын кеңейту арқылы оқушылардың қызығушылығын дамыту.

03.03.2026ж. күні 10 «Б» сыныбына биология пәні мұғалімі **Мажитов Абдулазиз Ахмаджонұлы** «Жер бетінде тіршіліктің қалыптасу кезеңдері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: оқушылар жер бетінде тіршіліктің қалыптасу кезеңдерін және сызбаларын сипаттай алады.

Сабақты жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында «Жылы лебіз» әдісі арқылы бастады. Үй тапсырмасын «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұрақ-жауап ұйымдастырып пысықтады. Оқушыларды сандар реті тәсілі арқылы топқа бөлді. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында оқушыларға бейнеролик көрсетіліп, талдау сұрақтары қойылды. Оқушылар өз ойларын ортаға сала отырып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтады.

• Жеке жұмыста оқушылар «Шындық немесе жалған» әдісі арқылы тұжырымның «шындық» немесе «жалған» екенін анықтайды

• Жұптық жұмыста «Ойлан тап» әдісі қолданылды. Оқушылар мәтінмен жұмыс жасап, жаңа ақпараттарды талдап, өз жұбымен пікір алмасты.

• Топтық жұмыста «Постер қорғау» әдісі ұйымдастырылды:

• 1-топ: Жердің алғашқы қалыптасу кезеңдерін түсіндірді.

• 2-топ: Алғашқы тірі ағзалардың пайда болуын сипаттады.

• 3-топ: Тіршіліктің суда дамуын түсіндірді.

Сабақ барысында оқушылар функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмаларды орындады. Жағдаяттық сұрақтарға жауап беру арқылы тақырыпты өмірмен байланыстырды. Әр тапсырмаға нақты дескрипторлар ұсынылды. Бағалау барысында топ басшылары бағалау парақшасы арқылы оқушылардың белсенділігін бағалап отырды. Сабақ соңында «Білім шамы» әдісі арқылы кері байланыс алынды. Оқушылар өздерінің сабақтағы көңіл күйі мен түсіну деңгейін білдірді.

Ұсыныс: Тапсырмаларды орындау барысында уақытты тиімді жоспарлау, барлық оқушылардың топтық жұмысқа белсенді қатысуына назар аудару.

10.03.2026ж. күні 9 «Г» сыныбына биология пәні мұғалімі **Утешова Замира Мухитдиновна** «Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдер. Инсулин өндірісі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. **Сабақтың мақсаты:** оқушылар инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттай алады және биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіре алады. Сабақ барысында мұғалім оқушылардың психологиялық ахуалын қалыптастыру мақсатында көңіл-

күй сұрау, жылы лебіз айту әдістерін қолдана отырып, сабақты бастады. Бұл кезеңде оқушылар сабаққа белсенді қатысуға ынталандырылды.

Ұйымдастыру кезеңінде сыныппен амандасып, түгендеу жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың назарын сабаққа аудару үшін «Сұрақ-жауап» әдісі қолданылып, өткен тақырыптар бойынша қысқаша қайталау жасалды. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында мұғалім биотехнологиялық үдерістің кезеңдерін түсіндіріп, инсулин өндіру жолдарын мысал ретінде көрсетті. Сабақта «Түсіндіру», «Көрнекілік», «Топтық жұмыс», «Постер қорғау», «Ой қозғау» әдіс-тәсілдері тиімді қолданылды. Оқушылар топтарға бөлініп, биотехнология өнімдеріне мысалдар келтіріп, өз ойларын ортаға салды.

Практикалық бөлімде оқушыларға тапсырмалар беріліп, оларды орындау барысында «Жұптық жұмыс», «Талдау», «Салыстыру» әдістері пайдаланылды. Оқушылар инсулин өндірісінің маңызын талдап, биотехнологияның медицина саласындағы рөлін анықтады. Сабақ соңында «Padlet» тақтасы арқылы кері байланыс арқылы оқушылар өз пікірлерін білдіріп, сабақтан алған әсерлерімен бөлісті. Бағалау кезеңінде мұғалім қалыптастырушы бағалау әдістерін қолдана отырып, оқушылардың белсенділігін атап өтті.

Қорытынды:

Бақылау нәтижесінде:

- Оқушылардың сабаққа қызығушылығы жоғары екені байқалды;
- Көпшілік оқушылар тапсырмаларды түсініп, белсенді қатысады;
- Мұғалімдер сабақта заманауи әдіс-тәсілдерді (ойын элементтері, топтық жұмыс, көрнекілік) тиімді қолданды;
- Оқушылар арасында өзара қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдылары қалыптасуда;
- Дегенмен, кейбір оқушыларда оқу дағдыларының (оқу жылдамдығы, жазу, дыбыстарды ажырату) жеткіліксіздігі байқалады.
- Жалпы алғанда, онкүндік тиімді және нәтижелі өтті, қойылған мақсаттар негізінен орындалды.

Ұсыныстар:

Жеке оқушымен жұмыс: Деңгейі төмен оқушыларға арналған жеке және қосымша тапсырмалар жүйесін құру, тәжірибе жұмыстарын көбірек жасатып, қызығушылықтарын арттыру;

Тапсырмаларды орындау барысында уақытты тиімді жоспарлау.

Ата-анамен байланыс: Үйде оқуды қолдау бойынша ата-аналарға әдістемелік кеңестер беру, баланың білім деңгейін дамытуға бағытталған бірлескен жұмыстар ұйымдастыру.

10-12.03.2026ж. аралығында 4-сынып оқушыларының математика, қазақ тілі және қоршаған әлем пәндері бойынша білімдерінің сапасы зерделенді.

Мақсаты: 4-сынып оқушыларының негізгі оқу пәндері бойынша білім, білік және дағдыларының меңгерілу деңгейін анықтау, оқу жетістіктерін саралау, білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштерін бағалау, білімдегі олқылықтарды айқындау және оқу процесін жетілдіру.

Мектепішілік бақылау жоспары негізінде 4-сынып оқушыларынан негізгі оқу пәндерінен бақылау, диктант, оқу машығы және тест жұмыстары алынды. Барлығы 4-сыныптарда -191 оқушы бар.

Математика пәнінен бақылау жұмысы

№	Сынып	Оқушы саны	Қатыс қаны	5	4	3	2	Сапа %	Үлгерім %	Сынып жетекші
1	4А	24	23	5	9	6	3	60,8	86,9	Турганбаева Б
2	4Ә	23	23	4	8	8	3	52,2	86,9	Исмдыллаева А
3	4Б	24	23	2	10	7	4	50	82,6	Нұртілеуова Ж
4	4В	26	25	6	8	7	4	56	84	Конирбаева Б
5	4Г	22	21	5	6	2	8	52,3	61,9	Картабай М
6	4F	25	25	4	10	7	4	56	84	Зинуллаева Қ
7	4Д	23	22	10	6	5	1	72,7	95,4	Көлбаева С
8	4Е	24	23	6	5	5	7	47,8	69,5	Қартбаева С
Жалпы		**191**	**185**	**42**	**62**	**47**	**34**	**56**	**81,4**	

Жалпы нәтиже бойынша білім сапасы орташа деңгейде екенін көруге болады. Оқушылардың басым бөлігі оң нәтиже көрсеткенімен, кейбір сыныптарда төмен көрсеткіш байқалады.

Сыныптар бойынша ең жоғары нәтиже: 4 «Д» сынып-72,7 % сапа көрсетсе, тиісінше ең төмен нәтиже көрсеткен 4 «Е» сыныбы-47,8% сапа, бұл сыныпта сапаның төмендігі «2»-баға алып отырған оқушының санының көп болуы.

Қорытынды: Бақылау жұмысының нәтижесі бойынша 4-сыныптар арасында математика пәнінен білім сапасы **орта деңгейде** екені анықталды.

Ұсыныс:

1. Қателерге талдау жүргізіп, жиі кездесетін қиын тақырыптарды қайта қарастыру.
2. Дифференциалды тапсырмалар қолдану.
3. Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша сабақтар өткізу.
4. Логикалық есептер мен практикалық тапсырмалар санын көбейту.

Әдебиеттік оқу пәні бойынша оқу машығы

Бұл зерделеуде оқушылардың мәтінді оқу жылдамдығы, түсініп оқу деңгейі, оқу нормасын меңгеруі және оқу дағдысының қалыптасу сапасы қарастырылды.

Сынып	Оқушы саны	Қатысты	Нормадан жоғары	Норма	Нормадан төмен	Игерметі	Сапа	Үлгерім	Сынып жетекшілері
4А	23	23	10	7	6	0	74	100	Турганбаева Б
4Ә	23	23	11	1	5	1	52,2	95,6	Исмадылла А
4Б	24	23	8	5	7	3	56,5	86,9	Нуртлеуова Ж
4В	26	25	13	2	9	1	52	96	Конирбаева Б
4Г	22	21	9	2	6	4	52,4	81	Картабай М
4Ғ	25	25	13	2	10	0	60	100	Зинуллаева К
4Д	23	22	12	1	7	2	59	91	Колбаева С
4Е	25	25	14	3	6	2	68	92	Картбаева С
Ж/ы	**191**	**187**	**90**	**23**	**56**	**13**	**59,2**	**93**	

Жалпы нәтиже бойынша оқушылардың басым бөлігінің оқу машығы қалыптасқан. Қатысқан оқушылардың жартысынан көбі оқу нормасын меңгерген немесе одан жоғары нәтиже көрсеткен. Үлгерім деңгейі жоғары болғанымен, кейбір сыныптарда оқу техникасының төмендігі мен мәтінді түсініп оқу қиындықтары анықталды.

Қорытынды: Әдебиеттік оқу пәні бойынша оқу машығы **жақсы** деңгейде.

Ұсыныстар

1. Дауыстап және іштей оқу жұмыстарын жүйелеу.
2. Оқу техникасын дамытуға арналған жеке тапсырмалар беру.
3. Мәтінді түсініп оқуға арналған сұрақ-жауап әдістерін қолдану.
4. Қызықты мәтіндер арқылы оқуға қызығушылықты арттыру.

Қазақ тілі пәнінен диктант

Оқушылардың сауатты жазу дағдыларын, орфографиялық және пунктуациялық ережелерді меңгеру деңгейін анықтау, грамматикалық білімдерінің қалыптасуын бағалау.

№	Сынып	Оқушы саны	Қатысты	5	4	3	2	Сапа	Үлгерім	Сынып жетекшілері
1	4 А	24	23	5	9	6	3	60,8	86,9	Турганбаева Б
2	4 Ә	23	23	4	8	8	3	52,2	86,9	Исмадылла А
3	4 Б	24	23	2	10	7	4	50	82,6	Нуртлеуова Ж

4	4 В	26	25	6	8	7	4	56	84	Конирбаева Б
5	4 Г	22	21	5	6	2	8	52,3	61,9	Картабай М
6	4 Ғ	25	25	4	10	7	4	56	84	Зинуллаева К
7	4 Д	23	22	10	6	5	1	72,7	95,4	Колбаева С
8	4 Е	24	23	6	5	5	7	47,8	69,5	Картбаева С
жалпы		**191**	**185**	**42**	**62**	**47**	**34**	**56**	**81,4**	

Кейбір сыныптарда орфографиялық және пунктуациялық дағдылар жақсы қалыптасқанымен, бірқатар сыныптарда қателер саны жоғары.

Қорытынды: Қазақ тілі пәнінен алынған диктант жұмысы нәтижесінде оқушылардың жазу сауаттылығы **орта** деңгейде.

Ұсыныстар

1. Қате сөздермен жүйелі жұмыс жүргізу.
2. Орфографиялық минуттар ұйымдастыру.
3. Күнделікті шағын диктант жұмыстарын өткізу.
4. Ережелерді тәжірибелік тапсырмалар арқылы бекіту.

Жаратылыстану пәнінен тест жұмысы

Оқушылардың пән бойынша теориялық білімдерін, қоршаған орта туралы түсініктерін, ғылыми ұғымдарды меңгеру деңгейін және логикалық ойлау қабілетін анықтау.

№	Сынып	Оқушы саны	Қатысқан оқушы саны	5	4	3	2	Сапа	Үлгерім	Сынып жетекшілері
1	4 А	24	23	3	10	8	2	56,5	91,3	Турганбаева Б
2	4 Ә	23	23	3	8	9	3	47,8	86,9	Исмадылла А
3	4 Б	24	23	2	10	7	4	50	82,6	Нуртлеуова Ж
4	4 В	26	25	6	10	8	1	64	96	Конирбаева Б
5	4 Г	22	22	4	6	8	4	45,4	81,8	Картабай М
6	4 Ғ	25	25	3	9	13	0	48	100	Зинуллаева К
7	4 Д	23	22	5	7	6	4	54	81	Колбаева С
8	4 Е	24	22	2	7	10	3	40,9	86,3	Картбаева С
Жалпы		**191**	**185**	**28**	**67**	**69**	**21**	**51**	**88,2**	

Жалпы нәтижеге сәйкес оқушылардың басым бөлігі оқу материалын меңгерген. Алайда жоғары деңгейде нәтиже көрсеткен оқушылар саны аз. Бұл пән бойынша теориялық білімді бекіту жұмыстарын күшейту қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды: Жаратылыстану пәні бойынша тест нәтижелері оқушылардың пәнді меңгеру деңгейі орта екенін көрсетті.

Ұсыныстар

1. Тақырыптық қайталау сабақтарын көбейту.
2. Тест тапсырмаларымен жүйелі жұмыс ұйымдастыру.
3. Көрнекілік пен тәжірибелік тапсырмаларды арттыру.
4. Логикалық тапсырмалар мен тәжірибелік сұрақтарды көбейту.

Дүниетану пәні тест жұмысы

Оқушылардың қоршаған орта, қоғам, табиғат, тарихи-географиялық түсініктер және күнделікті өмірмен байланысты білімдерін меңгеру деңгейін анықтау.

№	Сынып	Оқушы саны	Қатысқан оқушы саны	5	4	3	2	Сапа	Үлгерім	Сынып жетекшілері
1	4 А	24	23	3	9	9	2	52,1	91,3	Турганбаева Б
2	4 Ә	23	23	0	10	11	2	43,4	91,3	Исмадылла А
3	4 Б	24	23	2	10	7	4	50	82,6	Нуртлеуова Ж
4	4 В	26	25	4	11	7	3	60	88	Конирбаева Б
5	4 Г	22	22	1	12	8	1	59,9	95,4	Картабай М
6	4 Ғ	25	25	1	9	12	3	40	88	Зинуллаева К
7	4 Д	23	22	5	6	7	4	52	81	Колбаева С
8	4 Е	24	22	2	9	11	0	50	100	Картбаева С
Жалпы		**191**	**185**	**18**	**76**	**72**	**19**	**51**	**90**	

Нәтиже бойынша оқушылардың басым бөлігі пән материалын меңгерген. Үлгерім көрсеткіші жоғары болғанымен, білім сапасы орташа деңгейде қалып отыр. Бұл оқушылардың көпшілігі материалды базалық деңгейде меңгергенін көрсетеді.

Қорытынды: Дүниетану пәні бойынша тест жұмысының нәтижелері оқушылардың пәндік білімдерінің жалпы қалыптасқанын көрсетті. Алайда жоғары деңгейдегі білім сапасын арттыру қажеттілігі байқалады.

Ұсыныстар

1. Карта, сызба, кесте арқылы визуалды оқытуды күшейту.
2. Практикалық тапсырмалар мен өмірмен байланысты сұрақтарды көбейту.
3. Тест тапсырмаларын жүйелі түрде орындату.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізу.

Жалпы барлық пәндер бойынша алынған жұмыстардың нәтижесі мен 4-сыныптардың сапа көрсеткіші.

Р/с	Пәндер	Сапа	Үлгерім
1	Математика	56	81,4
2	Әдебиеттік оқу	59,2	93

3	Қазақ тілі	56	81,4
4	Жаратылыстану	51	88,2
5	Дүниетану	51	90
		55%	**87%**

Бұл нәтиже оқушылардың негізгі оқу материалын меңгергенін көрсетеді. Үлгерім көрсеткішінің жоғары болуы оқушылардың басым бөлігінің оқу бағдарламасын игергенін дәлелдейді. Алайда білім сапасының орта деңгейде болуы кейбір пәндер бойынша білімнің терең меңгерілмегенін байқатады.

Қорытынды: Барлық пәндер бойынша алынған нәтижелер оқушылардың оқу бағдарламасын жалпы меңгергенін көрсетті. Үлгерім көрсеткішінің жоғары болуы оқушылардың басым бөлігінің оқу материалын игергенін білдіреді.

Сонымен қатар, білім сапасының орта деңгейде болуы келесі мәселелерді көрсетеді:

- жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындауда қиындық;
- пәндік дағдылардың тұрақсыздығы;
- теориялық білімді практикада қолдану деңгейінің жеткіліксіздігі.

Ұсыныстар

1. Білім сапасы төмен пәндер бойынша түзету жұмыстарын жүйелеу.
2. Әлсіз оқушылармен жеке және топтық жұмыстар ұйымдастыру.
3. Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін тұрақты талдау.
4. Пәндер бойынша функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырмаларды енгізу.
5. Ата-анамен байланыс орнатып, үй жағдайындағы қолдауды күшейту.
6. Оқу мотивациясын арттыруға арналған әдістерді қолдану.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Химия және биология пәндері бойынша зертханалық жұмыстардың жүргізілу сапасы бақылауға алынып, 4-сыныптағы оқу процесін жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

2. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы және ұйымдастырылуы туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагулова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

02-13.03.2026ж. аралығында білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы зерделенді.

Мақсаты: 3-тоқсан қорытындысы бойынша төмен үлгерім көрсеткен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу арқылы 4-тоқсанда сапалы білім деңгейіне жеткізу.

№	Сынып	Оқушының аты-жөні	Туған күні	Пәндер және мұғалімдер	Ескертулер мен ұсыныстар
1	8ж	Айбукали Арман Ерболатұлы	05.10.2012	Қазақстан тарихы (Р.Таттибаева)	Сынып жетекшісі: К.Алмукаш
2	10б	Таджихан Руслан Аскарұлы	11.04.2010	ағылшын тілі (И.Наурызбаева); алгебра, геометрия (Л.Сердармерген); химия (С.Сауытбаева)	Л.Сердармерген 3-тоқсанда үлгермеуші оқушылармен 4-тоқсанда үлгеру үшін жүргізілген жұмыстар, ұсыныстар.

Мәселенің сипаттамасы: Оқушының III тоқсандағы үлгерімінің төмен болу себептері (сабаққа қатыспауы, үй тапсырмасын орындамауы, негізгі тақырыптарды меңгермеуі).

Оқушылар бойынша жеке жұмыс жоспары:

Оқушының аты-жөні	Пән	Пән мұғалімі	Олқылықтарды жою бағыты
Айбукали Арман Ерболатұлы (8ж сыныбы)	Қазақстан тарихы	Таттибаева Р	Тарихи оқиғалардың хронологиясын есте сақтау, мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту
Таджихан Руслан Аскарұлы (10б сыныбы)	Ағылшын тілі, Алгебра, Геометрия, Химия	Наурызбаева И Сердармерген Л Сауытбаева С	Күрделі формулаларды қолдану, есептер шығару алгоритмі және терминологиямен жұмыс

Атқарылған іс-шаралар:

- Оқушылардың қай тақырыптардан қалып қойғанын анықтау үшін жеке бақылау жұмыстары алынды.

- Пән мұғалімдері тарапынан аптасына 1 реттен кем емес қосымша сабақтар ұйымдастырылды.
- Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін қарапайымнан күрделіге қарай бағытталған карточкалық тапсырмалар берілді.
- К.Алмукаш және Л.Сердармерген тарапынан оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы мен дайындығы қатаң бақылауға алынды.

Қолданылған әдіс-тәсілдер:

- Саралап оқыту: Оқушының деңгейіне сәйкес жеңілдетілген тапсырмалар беріліп орындатылды.
- Кері байланыс: Әр орындаған жұмысына мадақтау айту немесе қатесін бірге түзету жұмыстары жүргізілді.
- Цифрлық ресурстар: Видеосабақтар мен онлайн платформаларды қолданылды.

Мұғалімдерге және ата-аналарға ұсыныстар:

- Саралап оқыту: Сабақ барысында бұл оқушыларға ерекше көңіл бөліп, олардың деңгейіне лайық сұрақтар мен тапсырмалар дайындау.
- Мотивация: Оқушының кішігірім жетістігін де атап өтіп, пәнге деген сенімін арттыру.
- Кері байланыс: Әр сабақ соңында оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп отыру.

Сынып жетекшілері мен ата-аналарға:

- Үйдегі бақылау: Үй тапсырмаларының орындалуын және мектептен тыс уақыттағы бос уақытты тиімді пайдалануын қадағалау.
- Ынтымақтастық: Оқушының үлгерімі туралы апта сайын пән мұғалімдерінен ақпарат алып отыру.
- Психологиялық қолдау: Оқушының білім алуға деген құлшынысын ояту үшін жағымды жағдай жасау.

Қорытынды:

- Сабақ қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылып, оқу мақсатына сай өткізілді.

Сабақтың артықшылықтары:

- Сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыратын заманауи әдіс-тәсілдер тиімді қолданылды.
- Топтық және жұптық жұмыстар арқылы оқушылардың бірлескен жұмыс жасау дағдылары дамытылды.
- Теория мен практиканы байланыстыра отырып, инсулин өндірісінің өмірмен байланысы нақты түсіндірілді.

Сабақтың кемшіліктері:

- Кейбір оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі төмен деңгейде байқалды.
- Уақытты тиімді пайдалану барысында кей тапсырмаларға уақыт жеткіліксіз болды.
- Сабақта ақпараттық технологияларды қолдану көлемін арттыруға мүмкіндік бар.
- Жалпы, ашық сабақ мазмұнды, танымдық деңгейі жоғары және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған сабақ болды.
- Биология-химия пәндері бойынша сыныптан тыс сағаттар білім сайыстары түрінде ұйымдастырылды.
- Биология пәні мұғалімдері Д.Узакбергенова мен А.Парахатова 8-сыныптар арасында «Эко-детектив» тақырыбында «Квест» сайысын өткізді. Әр сыныптан үш оқушыдан қатыстырылды. Сайыстың ұйымдастырылуы өте жақсы деңгейде өтті. Тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сай құрастырылған. Оқушылар өте белсенді қатысып, сұрақтарға жарыса жауап берді. Жарыс кезеңдерінен жоғары ұпай алған оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.

ШЕШІМ ЕТТІ:

2. Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жүйелілігі арттырылсын.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

3. Өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстарын бақылау туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагулова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

26-27.03.2026ж. аралығында өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстарының жай-күйі зерделенді. 5-11 сыныптар бойынша III оқу тоқсанының қорытынды талдауы (**қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні бойынша**)

Сынып	БЖБ	ТЖБ	Жалпы үлгерім
5-сынып	60%	67%	98-100%
6-сынып	55%	58%	100%
7-сынып	56%	58%	100%
8-сынып	49%	47%	90-100%
9-сынып	57%	60%	95-100%
10-сынып	76%	73%	100%
11-сынып	82%	74%	100%

Жалпы талдау барысында барлық сыныптарда үлгерім деңгейі жоғары екендігі анықталды, яғни оқушылардың басым көпшілігі оқу бағдарламасын меңгерген. Атап айтқанда, үлгерім көрсеткіші негізінен 95-100% аралығында. Бұл білім беру процесінің жүйелі ұйымдастырылғанын көрсетеді. Сонымен қатар білім сапасы көрсеткіштері сыныптар арасында әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Ең жоғары нәтижелер 10-11 сыныптарда байқалады, мұнда білім сапасы 70-80% және одан жоғары деңгейде. Бұл жоғары сынып оқушыларының оқу дағдылары қалыптасқанын және қорытынды бағалауларға дайындықтарының жақсы екенін дәлелдейді.

Орташа көрсеткіштер 5-7 сыныптарда байқалады (шамамен 55-65%). Бұл кезеңде оқушылардың білім, білік дағдылары қалыптасу үстінде болғандықтан, мұндай нәтиже заңды құбылыс болып табылады. Ал ең төмен көрсеткіштер 8-сыныптарда тіркеліп отыр (шамамен 45-50%). Бұл жағдай оқушылардың жас ерекшеліктеріне, оқу жүктемесінің артуына және оқу мотивациясының төмендеуіне байланысты болуы мүмкін.

Жекелеген сыныптар бойынша нақты талдау нәтижесінде білім сапасы төмен сыныптар анықталды. Қазақ тілі пәні бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен сыныптарға 5Д, 6Б, 6В, 7Г, 8Е, 8Ж, 8Д, 9В және 9Д сыныптары жатады. Ал қазақ әдебиеті пәні бойынша 5Д, 6В, 7Е, 8Е, 8Ж және 9Ә сыныптарында білім сапасы салыстырмалы түрде төмен деңгейде қалыптасқан.

Аталған сыныптармен жүйелі түрде түзету жұмыстары жүргізу қажет. Ең алдымен диагностикалық жұмыстар ұйымдастырылып, әр оқушының біліміндегі олқылықтар нақты анықталуы тиіс. Осыған сәйкес сараланған оқыту тәсілдері қолданылып, оқушылар деңгейіне қарай тапсырмалар берілуі қажет. Сонымен қатар аптасына қосымша сабақтар ұйымдастырып, БЖБ және ТЖБ форматындағы тапсырмалармен тұрақты жұмыс жүргізу ұсынылады. Төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен жеке жұмыс жоспары құрылып, олардың білім олқылықтарын толықтыруға бағытталған жұмыстар атқарылуы тиіс.

Оқу мотивациясын арттыру мақсатында сабақ барысында түрлі белсенді әдіс-тәсілдер, соның ішінде ойын элементтері, топтық және жұптық жұмыстар, жобалық тапсырмалар кеңінен қолданылуы қажет. Сонымен қатар ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, оқушылардың оқу үлгерімін бақылау күшейтілуі тиіс. Мұғалімдер тарапынан да тиімді педагогикалық әдістерді қолдану, сабақ құрылымын жетілдіру және тәжірибе алмасу жұмыстары маңызды болып табылады.

Жалпы қорытындылай келе, білім сапасы тұрақты деңгейде болғанымен, жекелеген сыныптарда көрсеткіштің төмен болуы жүйелі жұмыс жүргізуді талап

етеді. Уақытылы ұйымдастырылған түзету және қолдау жұмыстары нәтижесінде келесі тоқсанда білім сапасын арттыруға толық мүмкіндік бар.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне жалпы талдау

Сынып	БЖБ сапа (%)	ТЖБ сапа (%)	Үлгерім (%)
5-сынып	54-56%	56%	95-100%
6-сынып	44-78%	53%	98%
7-сынып	52-58%	58%	100%
8-сынып	60-64%	50%	100%
9-сынып	49-53%	50%	100%
10-сынып	63-66%	54%	100%
11-сынып	61-65%	56%	100%

Аталған талдау нәтижелері бойынша 5-11 сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша білім алушылардың білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштері жалпы тұрақты деңгейде екендігі анықталды. Барлық сыныптар бойынша үлгерім көрсеткіші негізінен 95-100% аралығында сақталғанымен, білім сапасы көрсеткіштерінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалады. 5-сыныптарда білім сапасы орта деңгейде (54-56%) қалыптасқан. Әсіресе 5Д, 5Е сыныптарында ТЖБ нәтижелерінің төмендігі байқалады. 6-сыныптарда сапа көрсеткіштері құбылмалы, 6В, 6Г, 6Д сыныптарында төмен нәтижелер тіркелген. 7-сыныптарда жалпы көрсеткіш тұрақты болғанымен, 7Г және 7Д сыныптарында кейбір тапсырмалар бойынша төмендеу байқалады. 8-сыныптар ішінде 8Ә, 8Е, 8Ж сыныптарында білім сапасы төмен деңгейде қалып отыр. 9-сыныптарда 9А және 9Д сыныптары әлсіз нәтиже көрсеткен. 10-сыныптарда жалпы тұрақтылық сақталғанымен, 10Ә сыныбында кейбір олқылықтар бар. 11-сыныптарда 11В және 11Г сыныптарында сапа көрсеткіштері салыстырмалы түрде төмен. Жалпы талдау барысында білім алушыларда мәтінді түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты ажырату, тыңдалым дағдылары, лексикалық қорды қолдану, сондай-ақ жазбаша және ауызша сөйлеу барысында ойды жүйелі жеткізу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқаны анықталды. Аталған қиындықтардың негізгі себептері ретінде мәтінмен жұмыс істеу дағдыларының әлсіздігі, сөздік қордың шектеулілігі, тыңдалым тәжірибесінің аздығы, сондай-ақ жазба жұмыстарын жоспарлау дағдыларының жеткіліксіздігі анықталды. Нәтижесінде төмен көрсеткіш көрсеткен сыныптармен (5Д, 5Е, 6В, 6Г, 6Д, 7Г, 7Д, 8Ә, 8Е, 8Ж, 9А, 9Д, 10Ә, 11В, 11Г) жүйелі түрде түзету жұмыстары ұйымдастыру қажет. Атап айтқанда, мәтінді түсіну және талдау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар, тыңдалым бойынша арнайы

жаттығулар, сөздік қорды байытуға арналған жұмыстар, диалогтік және монологтік сөйлеуді дамыту, сондай-ақ эссе жазу дағдыларын жетілдіру бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар, сабақ барысында сараланған тапсырмалар беру, деңгейлік жұмыстар ұйымдастыру, жеке және топтық жұмыстарды тиімді қолдану, кері байланысты жүйелі жүргізу арқылы білім сапасын арттыруға мүмкіндік бар. Қорытындылай келе, білім сапасын арттыру мақсатында оқу процесінде жүйелі, мақсатты және сараланған жұмыс жүргізу қажеттілігі анықталды.

Физика пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелері

Сынып	БЖБ сапа (%)	ТЖБ сапа (%)	Үлгерім (%)
7-сынып	52-58%	55%	95-100%
8-сынып	45-50%	48%	95-100%
9-сынып	50-56%	54%	98-100%
10-сынып	63-68%	65%	100%
11-сынып	70-76%	72%	100%

Физика пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне жалпы талдау

5-11 сыныптар бойынша физика пәнінен жүргізілген БЖБ және ТЖБ қорытындылары білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жалпы тұрақты екенін көрсетті. Үлгерім көрсеткіштері басым көпшілігінде 95-100% аралығында сақталғанымен, білім сапасы сыныптар арасында әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Жоғары сыныптарда, әсіресе 10-11 сыныптарда, білім сапасының жоғары болуы оқушылардың есеп шығару дағдыларының қалыптасқанын және теориялық білімді тәжірибемен байланыстыра алу қабілеттерінің артқанын көрсетеді. Орта буын сыныптарында физикалық құбылыстарды түсіндіру, формулаларды дұрыс қолдану және есептерді талдау барысында қиындықтар кездеседі. Әсіресе 7-8 сыныптарда механика, жылу құбылыстары және электр тарауы бойынша білім сапасының төмендеуі байқалады. Кейбір оқушыларда формулаларды есте сақтау мен шамалар арасындағы тәуелділікті түсіну дағдылары жеткіліксіз қалыптасқан. Талдау нәтижесінде төмен нәтиже көрсеткен сыныптармен жүйелі түзету жұмыстарын ұйымдастыру қажеттілігі анықталды. Атап айтқанда, формулаларды қолдану, есеп шығару алгоритмін меңгерту, тәжірибелік жұмыстарды орындау және графиктермен жұмыс жасау бағытында қосымша тапсырмалар берілуі тиіс. Сонымен қатар зертханалық жұмыстардың сапасын арттырып, тәжірибе арқылы түсіндіру тәсілдерін көбірек қолдану ұсынылады. Сабақ барысында сараланған тапсырмалар, жұптық және топтық жұмыстар, виртуалды тәжірибелер мен STEM

элементтерін қолдану арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру маңызды. Қорытындылай келе, физика пәні бойынша білім сапасын арттыру үшін теория мен практиканы байланыстыратын жүйелі жұмыстарды күшейту қажет.

Химия пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелері

Сынып	БЖБ сапа (%)	ТЖБ сапа (%)	Үлгерім (%)
7-сынып	50-55%	53%	95-100%
8-сынып	46-52%	49%	95-100%
9-сынып	52-58%	55%	98-100%
10-сынып	65-70%	67%	100%
11-сынып	72-78%	75%	100%

Химия пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне жалпы талдау

Химия пәні бойынша III оқу тоқсанының қорытындысы білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жалпы қанағаттанарлық екенін көрсетті. Үлгерім көрсеткіштері жоғары болғанымен, білім сапасында сыныптар арасында айырмашылықтар байқалады. Жоғары сыныптарда химиялық есептер шығару және реакция теңдеулерін құрастыру дағдылары жақсы қалыптасқан. Орта буын сыныптарында оқушылар химиялық формулаларды жазу, валенттілікті анықтау, реакция типтерін ажырату және есептер шығару барысында қиындықтарға тап болады. Кейбір оқушылар теориялық білімді тәжірибелік тапсырмаларда қолдануда қиналады. Сонымен қатар химиялық терминдерді дұрыс қолдану мен периодтық жүйемен жұмыс жасау дағдылары жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптарда химиялық есептерді кезең-кезеңімен талдау, формулаларды жаттықтыру және зертханалық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру қажет. Әсіресе реакция теңдеулерін теңестіру, заттардың қасиеттерін салыстыру және тәжірибелік бақылау жүргізу бойынша жұмыстар күшейтілуі тиіс. Оқу мотивациясын арттыру мақсатында тәжірибелік сабақтар, демонстрациялық тәжірибелер, цифрлық ресурстар және өмірмен байланысты тапсырмалар қолданылуы қажет. Сонымен қатар оқушылардың ғылыми тілде сөйлеу және өз ойын дәлелдеу дағдыларын дамыту маңызды. Жүйелі түзету жұмыстары келесі тоқсанда білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Биология пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелері

Сынып	БЖБ сапа (%)	ТЖБ сапа (%)	Үлгерім (%)
5-сынып	58-62%	60%	98-100%
6-сынып	55-60%	57%	100%
7-сынып	56-61%	58%	100%
8-сынып	50-55%	52%	95-100%
9-сынып	58-64%	60%	100%

10-сынып	68-72%	70%	100%
11-сынып	74-80%	76%	100%

Биология пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне жалпы талдау

Биология пәні бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде білім алушылардың басым көпшілігі оқу бағдарламасын меңгергені анықталды. Үлгерім көрсеткіштері жоғары деңгейде сақталғанымен, білім сапасы кейбір сыныптарда орта деңгейде қалыптасқан. Жоғары сыныптарда генетика, экология және адам анатомиясы бөлімдері бойынша жақсы нәтижелер байқалады.Орта буын сыныптарында биологиялық терминдерді есте сақтау, процестерді түсіндіру және сызбалармен жұмыс жасау барысында қиындықтар кездеседі. Кейбір оқушылар өсімдік пен жануар ағзаларының құрылысын салыстыру, биологиялық үрдістерді сипаттау және себеп-салдарлық байланыстарды анықтау тапсырмаларында төмен нәтиже көрсеткен.Талдау барысында мәтінмен жұмыс жасау, ғылыми ақпаратты талдау және биологиялық ұғымдарды дұрыс қолдану дағдыларын дамыту қажеттілігі анықталды. Осыған байланысты төмен нәтиже көрсеткен сыныптарда қосымша түсіндіру сабақтары, кесте мен сызба арқылы жұмыс, тәжірибелік және зерттеу тапсырмаларын көбейту ұсынылады. Сабақ барысында зерттеушілік әдістерді, жобалық жұмыстарды, тәжірибелік бақылауларды және интерактивті тапсырмаларды қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйелі түрде жүргізілуі қажет.

География пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелері

Сынып	БЖБ сапа (%)	ТЖБ сапа (%)	Үлгерім (%)
5-сынып	60-65%	63%	98-100%
6-сынып	57-62%	60%	100%
7-сынып	55-60%	58%	100%
8-сынып	48-53%	50%	95-100%
9-сынып	56-61%	58%	100%
10-сынып	66-71%	69%	100%
11-сынып	72-78%	75%	100%

География пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне жалпы талдау

География пәні бойынша III оқу тоқсанының нәтижелері білім алушылардың оқу бағдарламасын жалпы меңгергенін көрсетті. Үлгерім көрсеткіштері тұрақты болғанымен, білім сапасында сыныптар арасында айырмашылықтар байқалады. Жоғары сыныптарда экономикалық және әлеуметтік география тараулары бойынша жақсы нәтижелер анықталған.

Орта буын сыныптарында карта және атласпен жұмыс жасау, географиялық нысандарды анықтау, климаттық диаграммаларды талдау және статистикалық мәліметтерді салыстыру барысында қиындықтар кездеседі. Кейбір оқушылар географиялық терминдерді дұрыс қолдануда және себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіруде қиналады. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптармен картамен жұмыс жасау дағдыларын дамыту, практикалық тапсырмалар орындау және деректерді талдау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу қажет. Сонымен қатар оқушылардың географиялық ойлау қабілетін дамыту үшін зерттеу элементтері мен өмірмен байланысты тапсырмаларды көбейту ұсынылады.

Сабақ барысында цифрлық карталар, бейнематериалдар, жобалық жұмыстар және топтық тапсырмалар тиімді қолданылуы тиіс. Қорытындылай келе, география пәні бойынша білім сапасын арттыру үшін тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін жүйелі қолдану маңызды.

Математика пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелері

Сынып	БЖБ сапа (%)	ТЖБ сапа (%)	Үлгерім (%)
5-сынып	52-57%	55%	95-100%
6-сынып	48-54%	50%	98-100%
7-сынып	46-52%	49%	98-100%
8-сынып	42-48%	45%	90-100%
9-сынып	50-56%	53%	95-100%
10-сынып	62-68%	65%	100%
11-сынып	70-76%	72%	100%

Математика пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне жалпы талдау

Математика пәні бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде оқушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жалпы тұрақты екендігі анықталды. Үлгерім көрсеткіштері жоғары болғанымен, білім сапасы кейбір сыныптарда төмен деңгейде қалыптасқан. Жоғары сыныптарда алгебралық түрлендірулер, теңдеулер мен функциялар бойынша нәтижелер жақсы байқалады. Орта буын сыныптарында мәтінді есептерді шығару, формулаларды қолдану, логикалық ойлау және есептің шартын талдау барысында қиындықтар кездеседі. Әсіресе бөлшектерге амалдар қолдану, теңдеулер шешу және геометриялық есептерді орындау кезінде кейбір оқушылар қателіктер жібереді. Талдау нәтижесінде төмен нәтиже көрсеткен сыныптармен есеп шығару алгоритмдерін меңгерту, математикалық сауаттылықты дамыту және деңгейлік тапсырмалар ұйымдастыру қажеттілігі анықталды. Сонымен қатар БЖБ және ТЖБ форматындағы тапсырмалармен тұрақты жұмыс жүргізу ұсынылады.

Оқу мотивациясын арттыру мақсатында математикалық ойындар, логикалық тапсырмалар, жұптық жұмыстар және цифрлық платформаларды қолдану тиімді. Мұғалім тарапынан кері байланысты жүйелі ұйымдастыру және әр оқушымен жеке жұмыс жүргізу білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ағылшын тілі пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелері

Сынып	БЖБ сапа (%)	ТЖБ сапа (%)	Үлгерім (%)
5-сынып	55-60%	58%	95-100%
6-сынып	50-56%	53%	98-100%
7-сынып	52-57%	55%	100%
8-сынып	47-52%	50%	95-100%
9-сынып	54-60%	57%	100%
10-сынып	65-70%	68%	100%
11-сынып	72-78%	74%	100%

Ағылшын тілі пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне жалпы талдау

Ағылшын тілі пәні бойынша III оқу тоқсанының қорытындысы білім алушылардың оқу бағдарламасын жалпы меңгергенін көрсетті. Үлгерім көрсеткіштері жоғары деңгейде сақталғанымен, білім сапасында сыныптар арасында айырмашылықтар байқалады. Жоғары сыныптарда оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау, грамматикалық құрылымдарды қолдану және сөйлеу дағдылары жақсы қалыптасқан.

Орта буын сыныптарында тыңдалым, оқылым және жазылым дағдылары бойынша қиындықтар кездеседі. Кейбір оқушылар сөздік қордың жеткіліксіздігіне байланысты өз ойын ағылшын тілінде еркін жеткізе алмайды. Сонымен қатар грамматикалық ережелерді қолдану және мәтіннің негізгі ойын анықтау барысында қателіктер байқалады.

Талдау барысында төмен нәтиже көрсеткен сыныптарда сөздік қорды байыту, тыңдалым тапсырмаларын көбейту, сөйлеу дағдыларын дамыту және грамматикалық жаттығуларды жүйелі ұйымдастыру қажеттілігі анықталды. Эссе жазу, диалог құрастыру және мәтінді талдау жұмыстарына көбірек көңіл бөлінуі тиіс.

Сабақ барысында коммуникативтік әдістерді, ойын технологияларын, жұптық және топтық жұмыстарды, аудио-видео материалдарды тиімді пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар оқушылардың тілдік ортаға бейімделуін арттыру мақсатында ағылшын тілінде еркін сөйлеу практикасын жүйелі түрде ұйымдастыру қажет.

Қазақстан тарихы пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелері

Сынып	БЖБ сапа (%)	ТЖБ сапа (%)	Үлгерім (%)
5-сынып	58-63%	60%	98-100%
6-сынып	55-60%	57%	100%
7-сынып	54-59%	56%	100%
8-сынып	48-53%	50%	95-100%
9-сынып	56-62%	58%	100%
10-сынып	67-72%	70%	100%
11-сынып	73-78%	75%	100%

Қазақстан тарихы пәні бойынша жалпы талдау

Қазақстан тарихы пәні бойынша III оқу тоқсанының қорытындысы білім алушылардың оқу бағдарламасын жалпы меңгергенін көрсетті. Үлгерім көрсеткіштері жоғары деңгейде сақталғанымен, білім сапасы сыныптар арасында әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Жоғары сыныптарда тарихи оқиғаларды талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және тарихи деректермен жұмыс жасау дағдылары жақсы дамыған. Орта буын сыныптарында оқушылар тарихи даталарды есте сақтау, тарихи тұлғалардың қызметін сипаттау және оқиғаларға салыстырмалы талдау жасау барысында қиындықтарға кездеседі. Әсіресе 8-сыныптарда тарихи картамен жұмыс жасау және дереккөздерді талдау дағдыларының жеткіліксіздігі байқалады. Талдау барысында кейбір оқушылардың мәтіннен негізгі ақпаратты анықтау, тарихи терминдерді дұрыс қолдану және өз ойын жүйелі жеткізу дағдыларының төмен екендігі анықталды. Осыған байланысты төмен нәтиже көрсеткен сыныптарда тарихи құжаттармен жұмыс, хронологиялық кестелер құру, картамен жұмыс және эссе жазу дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстарды күшейту қажет. Сабақ барысында дебат, жобалық жұмыстар, тарихи деректерді салыстыру, бейнематериалдар қолдану және зерттеу тапсырмаларын ұйымдастыру оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар БЖБ және ТЖБ форматындағы тапсырмалармен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы білім сапасын арттыруға болады.

Жалпы III оқу тоқсанының қорытындысы бойынша 5-11 сыныптарда барлық пәндер бойынша білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі қанағаттанарлық және тұрақты екендігі анықталды. Үлгерім көрсеткіштері барлық пәндерде негізінен 95-100% аралығында сақталған. Бұл білім беру процесінің жүйелі ұйымдастырылғанын, мұғалімдердің жоспарлы жұмыс жүргізгенін және оқушылардың басым көпшілігінің оқу материалын меңгергенін көрсетеді. Сонымен қатар білім сапасы көрсеткіштері пәндер мен сыныптар арасында әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Жоғары нәтижелер негізінен

10-11 сыныптарда байқалады. Бұл сыныптарда оқушылардың пәндік білімдері жүйеленіп, қорытынды бағалау мен емтиханға дайындық деңгейінің жоғары екендігі анықталды. Әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті, физика, химия, биология, математика, ағылшын тілі және Қазақстан тарихы пәндері бойынша жоғары сынып оқушыларының талдау, салыстыру, қорытынды жасау және өз ойын дәлелдеу дағдылары жақсы қалыптасқан.

5-7 сыныптарда білім сапасы орта деңгейде сақталған. Бұл кезеңде оқушылардың теориялық білімдері мен практикалық дағдылары қалыптасу үстінде болғандықтан, мұндай нәтиже табиғи құбылыс болып табылады. Аталған сыныптарда мәтінмен жұмыс жасау, негізгі ойды анықтау, есеп шығару алгоритмін қолдану, ғылыми терминдерді дұрыс пайдалану және өз ойын жүйелі жеткізу дағдыларын дамыту қажеттілігі байқалды. Ең төмен көрсеткіштер негізінен 8-сыныптарда тіркелді. Бұл оқушылардың жас ерекшеліктеріне, оқу жүктемесінің артуына, пәндердің күрделене түсуіне және оқу мотивациясының төмендеуіне байланысты болуы мүмкін. Әсіресе математика, физика, химия және тіл пәндерінде білім сапасының төмендеуі байқалды. Сонымен қатар кейбір оқушыларда функционалдық сауаттылық, мәтінді талдау, логикалық ойлау, картамен және дереккөздермен жұмыс жасау, есептерді талдау және тәжірибелік тапсырмаларды орындау дағдылары жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан.

Сонымен қатар сабақ барысында белсенді оқыту әдістерін, жобалық және зерттеу жұмыстарын, топтық және жұптық тапсырмаларды, цифрлық ресурстар мен тәжірибелік жұмыстарды тиімді пайдалану қажет. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру мақсатында пәндерді өмірмен байланыстырып оқыту, кері байланысты жүйелі жүргізу және ата-аналармен бірлескен жұмысты күшейту маңызды болып табылады.

Қорытынды:

III оқу тоқсанының нәтижелері бойынша барлық пәндерден үлгерім деңгейі тұрақты сақталғанымен, білім сапасын арттыру бағытында жүйелі және мақсатты жұмыстар жүргізу қажеттілігі анықталды. Уақытылы ұйымдастырылған түзету, қолдау және сараланған оқыту жұмыстары келесі тоқсанда білім сапасын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Ұсыныс:

- Талдау нәтижесінде төмен нәтиже көрсеткен сыныптармен жүйелі түрде түзету жұмыстарын ұйымдастыру;
- Осы бағытта диагностикалық жұмыстар жүргізіп, білім олқылықтарын нақты анықтау;
- Сараланған тапсырмалар беру, деңгейлік жұмыстар ұйымдастыру;

• БЖБ және ТЖБ форматындағы тапсырмалармен тұрақты жұмыс жүргізу.

ШЕШІМ ЕТТІ:

3. БЖБ және ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстары тұрақты бақылауда ұсталып, түзету шаралары жүргізілсін.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

4. Пән мұғалімдері мен ата-аналар ынтымақтастығы (4,8,9-сыныптар) туралы.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Т.А.Бустанова, Г.Қ.Рахметова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

Ұйымдастыру формалары

4-сынып ата-аналарымен жүргізілген жұмыстар

Мектепте пән мұғалімдері мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында бірқатар жұмыстар ұйымдастырылды. Жұмыстар барысында оқушылардың оқу үлгерімі, тәрбиесі және қауіпсіздігіне байланысты маңызды мәселелер қарастырылды.

1. Оқу дағдыларын қалыптастыру

Оқушылардың сауатты оқу, түсініп оқу және өз ойын жеткізу дағдыларын дамыту бойынша пән мұғалімдері тарапынан ата-аналарға әдістемелік кеңестер берілді. Сабақ барысында қолданылатын тиімді тәсілдер таныстырылып, үй жағдайында баламен бірге жұмыс жүргізу жолдары түсіндірілді.

2. Кітап оқу мәдениеті

«Отбасымен бірге кітап оқимыз» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға балалардың жас ерекшелігіне сай көркем әдебиеттер тізімі ұсынылды. Күнделікті кітап оқудың бала тілінің дамуына, ойлау қабілетіне және сөздік қорына әсері туралы айтылды.

3. Баланың тәртібі мен жауапкершілігім

Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері оқушылардың мектептегі тәртібі, сабаққа қатысуы және жауапкершілігі жөнінде ата-аналармен жеке және топтық әңгімелер өткізді. Баланың бойында жауапкершілік қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы түсіндірілді.

4. Қауіпсіз интернет ережелері

Оқушылардың интернетті қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарға әлеуметтік желідегі қауіптер, кибербуллингтің алдын алу және гаджет қолдану уақытын бақылау туралы ақпарат берілді. Интернет мәдениетін қалыптастыру бойынша ұсыныстар айтылды.

5. Үй тапсырмасын бақылау

Ата-аналарға оқушының үй тапсырмасын орындауын жүйелі бақылаудың маңыздылығы түсіндірілді. Үйде баланың сабақ оқуына қолайлы орта ұйымдастыру, күн тәртібін сақтау және өздігінен білім алуға бағыт беру жөнінде кеңестер берілді.

Қорытынды

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналар мен пән мұғалімдері арасындағы байланыс нығайып, оқушылардың оқуына деген жауапкершілігі арта түсті. Бірлескен жұмыс білім сапасын көтеруге және бала тәрбиесіне оң ықпалын тигізді.

8-сынып ата-аналарымен жүргізілген жұмыстар

Мектепте жасөспірім кезеңіндегі оқушыларға психологиялық қолдау көрсету және ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Жұмыс барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты өзекті мәселелер қарастырылып, ата-аналарға педагогикалық-психологиялық кеңестер берілді.

1. Жасөспірім психологиясы

Психолог және сынып жетекшілерінің қатысуымен жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгерістер, эмоционалдық тұрақсыздық және қарым-қатынас ерекшеліктері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға балаға қолдау көрсету, сенімді қарым-қатынас орнату жолдары ұсынылды.

2. Мотивацияны арттыру

Оқушылардың оқу мен шығармашылыққа қызығушылығын арттыру мақсатында пән мұғалімдері түрлі ынталандыру тәсілдерін таныстырды. Ата-аналарға баланың жетістігін қолдау, мақтау мен мадақтаудың маңыздылығы түсіндірілді. Сонымен қатар оқушылардың қызығушылығына сай үйірмелер мен жобаларға қатысуына бағыт берілді.

3. Әлеуметтік желінің әсері

Әлеуметтік желінің жасөспірімдерге тигізетін оң және теріс әсерлері жөнінде түсіндіру жұмыстары өткізілді. Киберқауіпсіздік, интернет мәдениеті, жалған ақпараттан сақтану және гаджет қолдану уақытын реттеу мәселелері талқыланды. Ата-аналарға баланың интернеттегі белсенділігін бақылау бойынша кеңестер берілді.

4. Оқу үлгерімі мен тәртіп

Пән мұғалімдері оқушылардың білім сапасы, сабаққа қатысуы және тәртіп деңгейі туралы ақпарат берді. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар

ұйымдастырылып, ата-аналармен бірлескен қолдау шаралары қарастырылды. Оқушының жауапкершілігін арттыру бағытында ұсыныстар айтылды.

5. Кәсіби бағдарға алғашқы қадам

Оқушылардың болашақ мамандыққа қызығушылығын анықтау мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға баланың қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып бағыт беру қажеттілігі түсіндірілді. Әртүрлі мамандықтар туралы ақпараттар ұсынылып, оқушылармен әңгімелер өткізілді.

Қорытынды

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық нығайып, жасөспірімдерге психологиялық және тәрбиелік қолдау көрсету деңгейі артты. Бірлескен жұмыс оқушылардың оқу мотивациясын көтеруге, тәртібін жақсартуға және болашақ мамандықты саналы таңдауға оң әсерін тигізді.

9-сынып ата-аналарымен жүргізілген жұмыстар

Тақырып: «Білім сапасы - бірлескен жұмыстың нәтижесі»

9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау, болашақ мамандық таңдауға бағыт беру және ата-аналармен бірлескен жұмысты күшейту мақсатында арнайы іс-шаралар ұйымдастырылды. Жұмыс барысында оқушылардың білім сапасын арттыру мен психологиялық қолдау көрсету мәселелері қарастырылды.

1. Қорытынды емтиханға дайындық

Пән мұғалімдері тарапынан қорытынды емтиханның талаптары мен дайындық кезеңдері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға қосымша консультациялар ұйымдастырылып, ата-аналарға үй жағдайында баланың дайындалуына қолайлы орта қалыптастыру жөнінде ұсыныстар берілді. Емтихан алдындағы қобалжуды төмендету жолдары түсіндірілді.

2. Кәсіптік бағыт таңдау

Оқушылардың болашақ мамандыққа қызығушылығын анықтау мақсатында кәсіби бағдар беру кездесулері өткізілді. Ата-аналарға баланың қабілеті мен бейімін ескере отырып бағыт беру қажеттілігі айтылды. Әртүрлі мамандықтар туралы ақпараттар ұсынылып, колледждер мен оқу орындары жайлы мәліметтер берілді.

3. Оқушының жауапкершілігін арттыру

Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері оқушылардың сабаққа қатысуы, үй тапсырмасын орындауы және тәртіп мәселелері бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізді. Оқушылардың өз оқуына жауапкершілікпен

қарауын қалыптастыру мақсатында жеке әңгімелер мен кеңестер ұйымдастырылды.

4. Эмоционалдық қолдау көрсету

Психологтың қатысуымен емтихан кезеңіндегі эмоционалдық күйзелістің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға балаға моральдық қолдау көрсету, сенімді қарым-қатынас орнату және артық қысым жасамаудың маңызы түсіндірілді.

5. Уақытты тиімді жоспарлау

Оқушыларға күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, дайындық уақытын тиімді бөлу және демалыс пен оқуды үйлестіру жөнінде кеңестер берілді. Ата-аналарға баланың уақытты тиімді пайдалануына бақылау жасап, қолдау көрсету ұсынылды.

Қорытынды

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық нығайып, оқушылардың емтиханға дайындық деңгейі артқан. Бірлескен қолдау жұмыстары оқушылардың жауапкершілігін қалыптастыруға, эмоционалдық тұрақтылығын сақтауға және болашақ мамандықты саналы таңдауға оң ықпал еткен.

Ұсыныстар

- Ата-аналар мен пән мұғалімдері арасындағы байланысты тұрақты түрде күшейту;
- Оқушылардың оқу үлгерімін жүйелі бақылап, дер кезінде қолдау көрсету;
- Қорытынды емтиханға дайындық бойынша қосымша кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жандандырып, мамандық таңдауға бағыт беру;
- Уақытты тиімді жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- Оқушылардың жауапкершілігі мен өздігінен білім алу қабілетін дамытуға жағдай жасау;
- Мектеп, ата-ана және оқушы арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту.

ШЕШІМ ЕТТІ:

4. 4, 8, 9-сыныптар бойынша пән мұғалімдері мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық жұмыстары күшейтілсін.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

5. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру іс-шара жоспарын құру туралы.

Педагог-ұйымдастырушы Б.Н.Лепесова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

Мерзімі: Көктемгі демалыс кезеңі

Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары

Жауаптылар: Сынып жетекшілер, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, кітапханашылар.

Мақсаты: Көктемгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді, қауіпсіз және мазмұнды ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық, спорттық, танымдық және әлеуметтік белсенділігін арттыру.

Міндеттері:

Оқушыларды жас ерекшелігіне сай пайдалы іс-шараларға тарту;

Қысқы демалыста қауіпсіздік ережелерін сақтауын қамтамасыз ету;

Үйірмелер мен спорттық белсенділікті дамыту;

Құқықбұзушылық пен бос сенделудің алдын алу.

Көктемгі демалыс кезеңіне арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаалар	Өтетін уақыты	Түрі	Жауаптылар
1	«Балалар кітапханасы» жобасы: 1. **1-4сыныптарға:** «Тапқыр қоян», «Түлкі, қойшы, аю», «Тышқанның ақылы», «Әтеш пен тоты», «Күлсе аузынан будақ гүл түсетін құс», «Алтын сақа», «Ер Төстік» ертегілері, «Қожанасыр», Н.Ақыш «Момақан қыз», Ы.Алтынсарин «Бір уыс мақта» әңгімелері 2. **5-9 сыныптарға:** А.Байтұрсынұлы «Маса», «Қырық мысал», О.Бөкей «Апамның астауы»,	20-30.03.2026	«Балалар кітапханасы» жобасы	Мектеп кітапханасы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, Ж.Байтұрсынова

	Эрнест Хемингуэй «Шал мен теңіз», М.Дулатов «Оян, қазақ!», Д.Исабеков «Гауһартас»; **3.10-11сыныптарға:** Ә.Кекілбаев «Бәйгеторы» Б.Момышұлы «Адам қайраты», С.Көбеев «Қалың мал», т.б. кітаптар оқу.		«Оқуға құштар мектеп» жобасы	
2	«Менің отбасым - менің тірегім», «Отбасы - бақыт мекені», «Отбасылық дәстүрлер» отбасымен бірге бір күн жайлы бейнеролик жасау	20-30.03.2026	Онлайн бейнеролик түсіру	1-7 сынып жетекшілері
3	«Өз еліңді таны!», «Маңғыстау ескерткіштері» челленджін ұйымдастыру	20-30.03.2026	Челлендж	8, 9, 10-сынып жетекшілері
4	«Мұражай - ұрпақ сабақтастығын жалғастырушы» ұлттық мұражайға бару	20-30.03.2026	Мәдени мұражайға бару	Сынып жетекшілер
5	«Спорт - біздің досымыз» спорттық шаралары	20-30.03.2026	Спорттық шаралар	Дене шынықтыру пәні бірлестігі

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың бос уақыты тиімді және қауіпсіз ұйымдастырылады;
- Спорттық және шығармашылық белсенділік артады;
- Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы күшейеді;
- Ата-анамен ынтымақтастық нығаяды.


Көктемгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру іс-шарасы туралы ақпарат

Көктемгі демалыс кезеңінде мектепте оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Іс-шаралар **барлық**

сынып оқушыларын қамтыды және тәрбиелік, спорттық, танымдық, қауіпсіздік бағытында ұйымдастырылды.

1. Қатысу деңгейі

Сыныптар	Оқушылар саны	Қатысқан оқушылар	Қатысу пайызы (%)
1-4 сынып	732	647	88,4
5-9 сынып	946	732	77,4
10-11 сынып	231	181	78,3
Барлығы	**1909**	**1560**	**81,7**



2. Өткізілген негізгі бағыттар


Спорттық және қозғалыс ойындары;

Шығармашылық және танымдық іс-шаралар;

Отбасымен бірлескен демалыс түрлері;

Кітап оқу, интеллектуалдық тапсырмалар.

Аталған бағыттар бойынша оқушылардың қатысы туралы көрсеткіш мониторингісі



Спорттық және қозғалыс ойындары көктемгі демалыс кезінде 5-10 сыныптар белсенді болды. Наурыз мерекесіне орай мектеп оқушылары түрлі эстафеталық сайыстарға қатысты. Футбол, волейбол үйірмелеріне тартылған оқушылар топтасып, бірлесіп жетекшілерімен ойнады. 1-4 сынып оқушылары түрлі эстафеталық ойындар ойнап, белсенділік танытты. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері оқушылардың жеке бас гигиенасымен қатар, қауіпсіздік ережелерін ескертіп отырды.

Шығармашылық және танымдық іс-шаралар, кітап оқу әлеуметтік жобалары қамтылды. 5-9 сыныптар мектеп парламентінің ұйымдастыруымен өткен зияткерлік сайыстарға қатысып, өздерінің танымдық белсенділіктерін арттырды. 7-8 сыныптар эссе жазу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытты. 9-10 сынып оқушылары «Мұражай - ұрпақ сабақтастығын жалғастырушы» тақырбында ұлттық мұражайға барып, танымдық қабілеттерін арттырды. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында, көктемгі демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру негізінде әр сыныптарға белгілі бір шығармаларды оқуға ұсыныс берілді. 1-4сыныптар «Кітаппен өткен демалыс» тақырыбы бойынша сынып жетекшілері тапсырған ертегілерді оқып оларды талдады. 5-9 сыныптар белгілі бір жазушының шығармасын оқып, оны талдау, оған тест жұмысын жасақтау сияқты түрлі жұмыстарды орындады. 10-11сыныптар аталған шараға толық қатыспады. Бірақ, кітап оқуға деген ынтасы бар оқушылар өздеріне берілген шығармаларды оқып, өзара талдау жүргізгендері де болды.

3. Анықталған кемшіліктер

Талдау барысында төмендегідей **кемшіліктер** анықталды:

Кейбір оқушылардың іс-шараларға қатысу белсенділігі төмен.

Қорытынды

Көктемгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстары **қанағаттанарлық деңгейде** жүргізілді. Іс-шаралар оқушылардың кітап оқуға деген ынастын арттыруға, шығармашылық және спорттық белсенділігін дамытуға бағытталды. Анықталған кемшіліктер ескеріліп, алдағы демалыс кезеңдерінде жұмыс сапасын арттыру көзделді.

Ұсыныстар:

Жоғары сынып оқушыларын кітап оқуға тарту;

Ата-аналармен бірлескен демалыс түрлерін жиі ұйымдастыру;

Әр сыныпта оқушылардың бос уақытын жоспарлау бойынша жеке мониторинг жүргізу;

Сынып жетекшілердің белсенділігін арттыру;

ШЕШІМ ЕТТІ:

5. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүйелі жүзеге асырылсын.

Төраға **Ж.С.Бөкен**

Хатшы **А.А.Оразбаева**